# Педагогикалық кеңестің №1 хаттамасы

Мерзімі: 31 тамыз 2022 ж.

Төрайымы: Пак Р.В.
Хатшысы: Сапарова Ю.Н

Қатысқандар саны: 81

Тақырыбы: Білімді ұлт – тұрақты даму кепілі

Күн тәртібі:

1. 2021-2022 оқу жылының жетістіктері мен қорытындылары туралы
2. Жаңа 2022-2023 оқу ж. ерекшеліктері туралы
3. 2022-2023 оқу жылына арналған сынып жинақтарын бекіту туралы.
4. 2022-2023 оқу жылындағы мектеп міндеттері туралы.

1. Тыңдалды: 2021-2022 оқу жылының жетістіктері қорытындылары туралы
Сөйледі: Артыкова И.Х. оқу-тәрбие ісі жөніндегі директордың орынбасары
Ол 2021-2022 оқу жылындағы оқушылардың білім сапасын талдаумен таныстырды.
Жазғы кезеңде оқудан 132 оқушы шығып, 177 оқушы келді. Жыл соңында мектепте 1000 бала болды.
Өткен 2021-2022 оқу жылында мектеп бойынша білім сапасы 64,38% оқу үлгерімі 100% құрады. Үздік оқушылар 173, екпінділер 380 оқушы.
Бастауыш сыныптар бойынша білім сапасы 53%, орташа ұпай - 4,2.
Орта буын білім сапасы 53%,
10-11 сыныптарының білім сапасы 76%
Сонымен қатар „Білімді ұлт –

тұрақты даму кепілі" тақырыбында баяндама оқыды.
Мемлекеттің берік тұтқасы - жастар дегенді көп айтып жүрміз. Берік тұтқаны қалыптастыратын жастар алдымен оқушылық кезеңнен бастап, білім мен ғылымға ерекше ден қойып, тәртіп пен ізденімпаз шеңберінде жетістікке жетсе, оның алдағы өмірінде өкіндірмесі анық. Бүгін жаңа оқу жылы басталып, бүлдіршіндер мектеп табалдырығын аттап жатыр. Оларға саналы да саналы білім беріп, дұрыс жол сілтеу - әрбір ұстаздың борышы. (Баяндаманың толық нұсқасы хаттамаға қоса беріледі)
2. Тыңдалды: Жаңа 2022-2023 оқу жылының ерекшеліктері.
Сөйледі: Чепелева Н.В. оқу ісі жөніндегі директордың орынбасары.
Ол мұғалімдерді 2022-2023 оқу жылындағы оқу үдерісінің ерекшеліктерімен таныстырды. Біріншіден, „Арафат" мектебінің 2022 жылғы түлектерінің қосымша білімі (жұмыспен қамтылуы) туралы ақпаратты ұсынды. 2021-2022 оқу жылында мектепті 32 оқушы бітірді.
2022-2023 оқу жылында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері мыналар болып табылады: ЭНХ өзгер
1-сыныптардағы оқу жылының ұзақтығы 35 оқу аптасын құрайды.
2-11-с. 36 апта. (өзерістер туралы толық мәлімет қоса беріледі)
2022-2023 оқу жылына арналған нұсқаулық-әдістемелік хатты барлық мұғалімдер танысып шығуы керек
3. Тыңдалды: 2022-2023 оқу жылына арналған сынып жинақтарын бекіту туралы.

Сөйледі: Арыкова И.Х. оқу-тәрбие ісі жөніндегі директордың орынбасары.
Ол сөзінде 2022-2023 оқу жылы бойынша сыныптың жинақталуы жөнінде таныстырып өтті. Бастауыш сынып бойынша - 24 сынып, орта буын бойынша - 18 сынып, жоғары буын бойынша - 3 сынып.

4. Тыңдалды: 2022-2023 оқу жылындағы мектеп міндеттері туралы
Сөйледі: Пак Р.В. мектеп директоры
Ол 2022-2023 оқу жылына мектептің білім сапасын көтеру мақсатында жұмыс жоспарымен педагогикалық ұжымды таныстырып өтті. Мектепішілік бақылау жұмысы, ӘБ-тің жұмыс жоспары мен мақсаттарын айқындап, оқушылардың білім сапасын көтеру мақсатындағы жұмыстармен таныстырып өтті.

Қаулы етті:
1. 2022-2023 оқу жылында мұғалімдер оқушылардың білім сапасының қарқынды өсуіне назар аударсын.
2. Дарынды балалармен жүйелі жұмыс жүргізу, оларды облыстық, республикалық олимпиадалар мен байқауларға дайындық жұмыстары жүргізілсін.
3. 2022-2023 оқу жылына арналған Нұсқаулық-әдістемелік хатты және жылның ерекшеліктерін оқу үдерісін жоспарлау кезінде негізге алынсын.
4. Мектепішілік бақылау жұмысы жоспарға сай жүргізілсін.

Төрайым: Пак Р.В.
Хатшы: Сапарова Ю.Н.